

«Созақ Фосфат» ЖШС Түркістан облысы, Созақ ауданындағы Үшбас-1
фосфорит кең орнын ашық әдіспен өндірудің тау-кен жұмыстарының
жоспары бойынша «Қоршаған ортаны қорғау бөлімі» бойынша
қоғамдық тыңдау
ХАТТАМАСЫ

1. Аумағында қызмет жүзеге асырылатын немесе аумағына ықпал ететін әкімшілік-аумақтық бірліктің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтерінің) әкімі аппаратының жергілікті атқарушы органдардың атауы: Түркістан облысы, «Созақ ауданы, Күмкент тауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі.

2. Қоғамдық тыңдаудың тақырыбы: «Созақ Фосфат» ЖШС Түркістан облысы, Созақ ауданындағы Үшбас-1 фосфорит кең орнын ашық әдіспен өндірудің тау-кен жұмыстарының жоспары бойынша «Қоршаған ортаны қорғау бөлімінің» хабарламасы.

3. Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар жіберілген, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның және облыстық және республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының атауы: ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігіне қарасты «Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығы» ШЖК РМҚ, www.ndbecology.gov.kz.

4. Көзделіп отырған қызметтің орналасқан жері: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Күмкент а. о. координаттары: 43° 43' 34" - 43° 41' 20" ш.б. және 69° 31' 06" - 69° 23' 35" шығыс, (көзделіп отырған қызмет учаскесі толық, нақты мекен жайы, географиялық координаттары).

5. Көзделіп отырған ықтимал әсеріне қатысы бар барлық әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауы: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Күмкент а. о. (белгіленген көзделіп отырған қызметті жүзеге асыру нәтижесінде аумағына әсер етуі мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі).

6. Бастамашының деректемелері және байланыс деректері: «Созақ Фосфат» ЖШС, Шымкент қаласы, Қаратау ауданы, 223 квартал, строение №57, БСН: 179840011047, сым 8-775-666-11-657, Sc-lawyer@mail.ru, (оның ішінде нақты атауы, заңды және нақты мекен жайы, БСН, телефондары, факстары, электрондық пошталары, сайттары).

7. Ықтимал әсерлер туралы есептерді әзірлеушілердің немесе стратегиялық экологиялық бағдар жөніндегі есептерді дайындау бойынша сырттан тартылған сарапшылардың немесе мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерін құжаттамасына әзірлеушілердің деректемелері мен байланыс деректері: ЖШС «ПромЭкоСтандарт», Gulnaz91@mail.ru, БСН 24034002-

Handwritten signature

5649. Шым кент к. М.Пошанов көшесі 32/28 сым: 8-778-152-45-35, (оның ішінде нақты атауы, заңды және нақты мекен жайы, БСН, телефондары, факстары, электрондық пошталары, сайттары).

8. Қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күн, уақыт, орын (қоғамдық тыңдаудың ашық жиналысы өткізілетін күні (күндер) және уақыт): 19.01.2026 ж. Бастау уақыты: - 10.00. аяқталу уақыты – 12.45. Түркістан облысы. Созақ ауданы. Құмкент ауылы Ж.Есіркепұлы көшесі, Құмкент ауылдық мәдениет үйі.

(қатысушыларды тіркеу басталатын күні, уақыт, қоғамдық тыңдаулардың басталу және аяқтау уақыты, тыңдаулар өткізілетін орнының толық және нақты мекен жайы. Қоғамдық тыңдаулар ұзартылатын жағдайда барлық күндер көрсетіледі).

9. Бастамашы жіберген сұрау хатының көшірмесі және қоғамдық тыңдауларды өткізу шарттарын келісу туралы әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдары ұсынған жауап хаттың көшірмесі осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі (қосымша 1,2).

10. Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі. (қосымша 3).

11. Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы ақпарат қазақ және орыс тілінде келесі жолдармен таратылады:

1) Бірыңғай экологиялық порталда; [https:// ndbecology.gov.kz](https://ndbecology.gov.kz).

2) жергілікті атқарушы органның (облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ресми интернет-ресурсында немесе әзірлеуші мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында: <https://beta.egov.kz/memleket/entities/turkectan-tabigi-resurstar/documents/details/214086?lang=ru>.

(ресми интернет-ресурстарды атауы, сілтемелер және жарияланған күні)

3) қоғамдық тыңдаулар басталған күнге дейін жиырма жұмыс күнінен кешіктірмей, бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде кемінде бір газетте және қатысы бар аумақтың ішіндегі толық немесе ішінара орналасқан тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумағында таратылған кемінде бір рет теле немесе радиоарна арқылы бұқаралық ақпарат құралдарында: «Созақ үні» газеті 17.12.2025ж. №91 (9353) 4 07.11.2025ж. (қосымша 4).

(газетте хабарландырудың атауын, нөмірін және жарияланған күнін көрсету, сондай-ақ газеттің сканерленген титулдық беті мен қоғамдық беті мен қоғамдық тыңдаулар өткізілетіндігі туралы хабарландыру берілген бетті қамтитын, сканерленген хабарландыруды қоса ұсыну). Телеканал «Айгак» 07.11.2025 ж. газет нөмірі (қосымша 4).

(теле немесе радиоарнаның атауын, хабарландыру жарияланған күнін көрсету, теле немесе радиоарнада жарияланған қоғамдық тыңдаулар өткізілетіндігі туралы хабарландырудың бейне және аудиожазбасы бар электронды жеткізгіш қоғамдық тыңдаулардың хаттамасына қоса тіркелуі (жариялануы) тиіс).

Чонг

4) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) аумағында мүделі жұртшылық үшін қол жетімді орындарда: Түркістан облысы, Созақ ауданы, Құмкент а.о. Құмкент ауылы, Жылы Бұлақ 28, Құмкент а.о. әкімінің аппараты әкімшілік ғимаратында мекен жайы бойынша 2 дана хабарландыру.

Осы қоғамдық тыңдау хаттамасына фотоматериалдармен қоса беріледі.

12. Қоғам тыңдауға қатысушылардың шешімдері:

Түркістан облысы, Созақ ауданы, Құмкент ауылдық округінің қоғамдық тыңдау жиынына қатынасқан адам саны – 76 адам (23.10.2025 жылы Құмкент ауылдық округінде өткізілген қоғамдық тыңдау жиындағы қателікті қаталамау мақсатында: округі азаматтары тарапынан әрбір қатар орындықтарға жиынға қатынасусылардың санын анықтап, дауысты берушілердің есебін шығару және тәртіпті бақылау мақсатында жауапты азаматтар бекітілген болатын).

Жоғарғы орындардан қатынасқан адамдар:

Түркістан облыстық экология басқармасынан: - Бағила Бейсенбекова;

Созақ ауданы әкімінің орынбасары: - Серік Маманов;

Созақ аудандық әкімінің бөлім қызметкерлері: - 12 адам;

Жергілікті полиция қызметкерлері: - 2 адам;

«Созақ Фосфат» ЖШС-нен:

Директоры - Есмұратов Болат Шамсидинович;

Заңгері - Байдүйсенов Ержан;

Геологі - Жайылов Ермек;

Заңгері - Балғаев Ержас;

Қызметкерлері - 2 адам (құрамында болды);

«ПромЭкоСтандарт» ЖШС-нің экологы: - Ақылбекова Гүлназ;

Түркістан облысы Созақ ауданы Құмкент ауылдық округінің қоғамдық тыңдау жиынының төрағасы болып, ауыл округінің әкімі Балықбаев Ерзат Орынбасар ұлы, Қазақстан Республикасының заң талаптарына байланысты мен болуым керек, - деді. Дауысқа салынған жоқ.

Құмкент ауылдық округінің әкімі Балықбаев Е.О. жиналыс хатшысы болып: «Созақ Фосфат» ЖШС-нің экологі – Ақылбекова Гүлназ болады, - деп жариялады.

Құмкент ауылдық округінің тумалары тарапынан қарсы шығып, ауыл тұрғыны Алтынбек Әшімхан Укашаұлы жиын хатшылығына ұсынды, дауысқа салу нәтижесі былай болды: - жақтап дауыс бергендер - 72 адам, қарсы - жоқ; қалыс - жоқ;

Баяндамашылар:

Бірінші баяндамашы:

Байдүйсенов Ержан – «Созақ Фосфат» ЖШС-нің заңгері;

Екінші баяндамашы:

Бейсенбекова Бағила - Түркістан Облыстық экология басқармасының бөлім меңгерушісі;

Үшінші баяндамашы:

Ақылбекова Гүлназ - «ПромЭкоСтандарт» ЖШС-нің экологы;

13. Барлық тыңдалған баяндамалар туралы мәліметтер:

Бірінші баяндамашы:

Байдүйсенов Ержан – «Созақ Фосфат» ЖШС-нің заңгері;

(баяндамашының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) лауазымы, өкіл болып отырған ұйымның атауы)

«Созақ Фосфат» ЖШС Түркістан облысы, Созақ ауданындағы Үшбас-1 фосфорит кен орнын ашық әдіспен өндірудің тау-кен жұмыстарының жоспарлары туралы.

(баяндамашының тақырыбы, беттердің, слайдтардың, файлдардың, плакаттардың, сызбаның саны)

«Созақ Фосфат» ЖШС Түркістан облысы, Созақ ауданындағы Үшбас-1 фосфорит кен орнын ашық әдіспен өндірудің тау-кен жұмыстарының жоспарларын бойынша атқаратын жұмыстардың көлеміне тоқталып өтіп, ондағы жұмысшы кадрлардың құрамдары мен олардың мамандықтары бойынша жалпы жұмыспен қамтылатын адамдардың санына тоқталып, фосфор өнімдерін өндірудегі кен байту шараларының көлеміне тоқталды. Сонымен қатар жергілікті жерлерде атқарылатын әлеуметтік қатынастардың қандай түрлері бойынша шаралар жүргізілетіндігін атап өтті.

(Қоғамдық тыңдауға шығарылып отырған құжаттар бойынша баяндаманың мәтіні).

Екінші баяндамашы:

Бағила Бейсенбекова - Түркістан Облыстық экология басқармасының бөлім меңгерушісі;

(баяндамашының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) лауазымы, өкіл болып отырған ұйымның атауы)

«Созақ Фосфат» ЖШС-нің экологиялық бағытта қандай құжаттар дайындау керек, олардың заңдылық күшіне ену үшін қандай шаралар жүргізу керектігі туралы. Слайдтар, плакаттар, сызбалар болған жоқ.

(баяндамашының тақырыбы, беттердің, слайдтардың, файлдардың, плакаттардың, сызбаның саны)

Арнай баяндамасы болмағандықтан, экологиялық бағытта ауызша хабарлама жасап өтіп, «Созақ Фосфат» ЖШС-нің өздеріне тапсырылған құжаттар бойынша қандай ескертулер бергеніне тоқталып, оларды заң және экологиялық талаптарды орындауда не істеп, қандай шаралар жасау керектігіне тоқталып өтті. Бұл ескертулерді орындағаннан кейін өз тараптарынан атқаратын мәселерді атап баяндады.

(Қоғамдық тыңдауға шығарылып отырған құжаттар бойынша баяндаманың мәтіні).

Үшінші баяндамашы:

Ақылбекова Гүлназ – «ПромЭкоСтандарт» ЖШС-нің экологы,

(баяндамашының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) лауазымы, өкіл болып отырған ұйымның атауы)

«Созақ Фосфат» ЖШС Түркістан облысы, Созақ ауданындағы Үшбас-1 фосфорит кен орнын ашық әдіспен өндірудің тау-кен жұмыстарының жоспарларын бойынша «Қоршаған ортаны қорғау бөлімі» баяндамасы 4 парақ, слайд парақ, сызба бар. (6 қосымша).

(баяндамашының тақырыбы, беттердің, слайдтардың, файлдардың, плакаттардың, сызбаның саны).

«Созақ Фосфат» ЖШС Түркістан облысы, Созақ ауданындағы Үшбас-1 фосфорит кен орнын ашық әдіспен өндірудің тау-кен жұмыстарының жоспарларын бойынша «Созақ Фосфат» ЖШС Түркістан облысы, Созақ ауданындағы Үшбас-1 фосфорит кен орнын ашық әдіспен өндірудің тау-кен жұмыстарының жоспарларын бойынша атқарылатын жұмыстардың сыртқы қоршаған ортаға зиянды қалдықтарды шығару барысына тоқталып өтті. Бұл баяндаманың мәті бойынша өткен 23.10.2025 жылы өткізілген жиындағы айтылған болатын, қайтып қайталанды. Онда бес миллион тоннадан астам тау-кен қалдықтары арнайы орындарға жинақталады, фосфор өнімдерін жер астынан өндіріс барысында зиянды қалдықтардың шаң-тозаңдары ауаға ұшпас үшін су қорлары пайдаланады, қажетті суларды тиісті жергілікті орындармен келісім шарт бойынша алынатындығына тоқталды. Сонымен қатар фосфор өнімдерінен шығатын қалдықтардың құрамдарына зерделеу шараларын айтып, атқарылып жатқан жұмыстардың көлемін айтып өтті.

Қоғамдық тыңдауларға шығарылып отырған құжаттар бойынша баяндамалардың мәтіні осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі. (5-ші қосымша).

14. Мүделі мемлекеттік органдар мен жұртшылықтың осы Қағидаларының 18-ші тармағына сәйкес жазбаша нысанда ұсынылған немесе қоғамдық тыңдауларды өткізу барысында айтылған барлық ескертулер мен ұсыныстарын, әрбір ескерту және ұсыныс бойынша бастамашының жауаптары мен түсініктемелерін қамтитын жиынтық кесте.

Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына мүлдем қатысы жоқ ескертулер мен ұсыныстар кестеге «қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына мүлдем қатысы жоқ» - деген белгілермен енгізіледі.

Жоғарыда жасалынған баяндама бойынша сөйлегендер:

1. Аргынбеков Бүркіт – Созақ ауданының «Құрметті азаматы», зейнеткер.

Өз сөзінде «Созақ Фосфат» ЖШС-нің негізгі өндірістік орындары мен оның өнімдерін шығару барысы жөніндегі жұмыстармен таныстыруын сұранды, ол мәселердің көлемі бойынша жасалынған слайдқа байланысты бірінші баяндамашы, серіктестік заңгері Байдүйсенов Ержан таныстырды.

Аргынбеков Бүркіт үш рет шығып сөйлеп ауыл тұрғындарына:

Біз бұл инвесторлардың қолдарына міндеттеме хат алайық, қазба жұмыстарының барысында ешқандай адам ағзасына қазба жұмыстары барысында зияны жоқ және ауыл тұрғындарының өмірінің негізінің бірі болып отырған Жылы Бұлақ суының көлемі өзгермейді, деген, - деп ауыл тұрғындарын «Созақ Фосфат» ЖШС Түркістан облысы, Созақ ауданындағы Үшбас-1 фосфорит кен орнын ашық әдіспен өндірудің тау-кен жұмыстары-



ның жоспарлары бойынша жұмысын жүргізе рұхсат етейік өзін қолдауға шақырды. Бірақ бұны естіген халық өре түргеліп «қарсылық білдіріп» трибунадан, түсіріп тастады.

2. Айдарбеков Байділда – «Қызыл көл» ауылының азаматы, зейнеткер, Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі мен «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» кодексіне сүйенсек, қоғамдық тыңдауға өндірістік мекеме мына құжаттармен келуге тиіс еді:

- 1) Жер қойнауын пайдалану лицензиясы;
- 2) Жер пайдалану құқығы (жер актісі, жалдау құжаттары);
- 3) Тау-кен жұмыстарының жоспары (ПГР), Бұл құжатта жарылыс түрлері, жиілігі, бір жарылыстағы заряд көлемі, т.с.с. туралы нақты зерттелген ақпараттар берілугі тиіс еді. Бұл құжат қоғамдық тыңдауға дейін бекітілуі керек еді.

4) Қоршаған ортаға әсерді бағалау (ҚОӘБ) кен қазу кезіндегі табиғатқа, адам денсаулығына, суға, жерге, ауаға, малға, елді мекенгекелетін зардаптарды алдын ала анықтап, оларды азайту жолдарын көрсететін құжат (мысалы: Қоршаған ортаға келетін зардапты азайту үшін өндіру көлемін азайту, жаңа технология, техникалар пайдалану т.б.). Бұл құжат жоба күйінде келеді. Қоғамдық тыңдаушылардың ұсыныс-пікірлерімен толықтырылған соң ғана бекітіліп, заңлы күшіне ену керек еді. Қоғамдық тыңдауда осы құжаттағы тыңдау керек еді.

Ал, осы құжаттарды біз көре алмай отырмыз, егерде осы құжаттардың біреуі жоқ болса, жиналыс ашу заңсыздық қой.

3. Қожабеков Амантай – ауылдық округі ардагерлер кеңесіндегі, «Алка билері» төрағасы, зейнеткер;

Біз «ҚазФосфат» ЖШС-мен бірнеше жылдардан бері осы, яғни «Созақ Фосфат» ЖШС-нің кең өндіріміз – деген орнының, яғни Үшбас өзенінің солтүстік жағынан кең өндіруді тоқтатқыздық. Ал енді «Созақ Фосфат» ЖШС-і оның оңтүстік батысын, ашып фосфор рудасын өндіріміз дейді. Бұл бағытта «ҚазФосфат» ЖШС-нің өздерінің көзі жетті, егер жер асты кеңін ашса «Жылы Бұлақ» суының толық жойылып кететіндігіне. Осы жағдайды түсініп, біліп отырған «Созақ Фосфат» ЖШС-і неге істерін тоқтатпайды. Өткенде, яғни 23.10.2025 жылғы өткен қоғамдық кеңесті жұмысы тоқтатылсын – деген округ тұрғындарының шешімін аяқасты етіп келеді. Сондықтан Құмкент ауылдық округі тұрғындарының шешімі өзгерген жоқ, міне бүгін барлығы отыр ғой, сол ұстамда, өйткені мен олармен сөйлестім, сол пікірдеміз.

Ал енді жаңа бірінші баяндама жасаған Байдүйсенов Ержан, сен неге ауыл тұрғындарының барлығын «сөгіп», «қатты сөздер айтасын», «неге сен халыққа күш көрсетесің?», қазір коммунистік партия мен ескі Қазақстан емес, есіңді жина, біз саған балаң емеспіз, бұндай мінезінді көрсетпе бізге, оны өз үйіне, қол астындағы адамдарға жасайсын.

4. Есентаев Жұманалі – «Қызыл көл» ауылының тұрғыны, зейнеткер:
Искаков Дәулетбек туралы оның өмірбаяны мен оның қызметте жүріп «Қызыл көл» ауылына көмектеспегенін, ал енді зейнетке шығып алып,

өндіріс ашуға қарсы болып жүр (Қоғамдық тыңдаудың тақырыбына қатысы жоқ).

Қазір екі балам жұмыс істеп әр жақта жүр, егер «Созақ Фосфат» ЖШС өндіріс орнын ашса олар ауылға келер еді, көп адамға жұмыс орны табылар еді. Біздің «Қызыл көліміз» үш рет тартылған, нә, қазірде көлдің жағдайы мәз емес болып тұр. Бұл инвесторлар мүмкін су көзін тауып, Қызыл көлді жақсартамыз – дейтін сияқты. Сондықтан олардың фосфор рудасын өндіруге келісейік, деп айтқаны сол еді, округ тұрғындары бас салып, айқай-шумен трибунадан сөзін аяқтатпай түсіріп тасталды.

5. Искаков Дәулетбек – Қызыл көл елінің тумасы, зейнеткер;

Ол ауылына қандай көмектер жасағанына тоқталып өтті (Қоғамдық тыңдаудың тақырыбына қатысы жоқ).

Жаңа біз сұрақ қойдық бірінші баяндамашыға Байдүйсенов Ержанға: - «Үшбас өзенінің арнасы карьер болып кеткеннен кейін Қызыл көлге баратын қар сулары мен бұлақ сулары құйылмайды, көлдің тұзы шығып кетпес үшін, сол жағдайда қайдан суды алып келесіздер, оған қандай жоспарларының бар» - деп қойғандағы жауабын тыңдадыңыздар. «Біз тондаймыз», - дейді. Ал, бетондаса Бұлақтың сулары арнаға құйылмайды ғой. Жауабы жоқ.

Сол сияқты Жылы Бұлақтың суы жер атылысынан кейін жоқ болып кеткен жағдайда, Құмкент елді мекеніне қай жақтан су әкелесіздер – десек жауабы жоқ.

Сондықтан Бүркіт ағамыз «жиынды бітірейік» - деп отыр ғой, Сондықтан ағайындар Қожабеков Аманатай айтқандай «Созақ Фосфат» ЖШС Түркістан облысы, Созақ ауданындағы Үшбас-1 фосфорит кен орнын ашық әдіспен өндірудің тау-кен жұмыстары тоқтатылсын – деген адамдардың қол көтеруін сұраймын, - деді, оны жақтап - 70 адам қол көтерді, қарсы болған – 2 адам, қалыс жоқ.

Аудан әкімшілігінен келген 12 адам және аудан әкімінің орынбасары мен «Созақ Фосфат» ЖШС-нен келген -7 адам, полиция қызметкерлері – 2 адам, облыстық мекеме басшысынан – 1 адам санақтан алынып тасталды.

Маманов Серік аудан әкімінің орынбасары – қоғамдық тыңдауды жалғастырамыз – деген кезде қоғамдық кеңеске қатысып отырған ауыл тұрғындары орындарына тұрып, «Қазба жұмыстары тоқтатылсын», - деп шығып кетті.

Аудан әкімінің орынбасары сөйлеңіздер, - деп отырғандаға қолқа салды.

6. Жұмақов Талғат - Созақ аудандық қоғамдық кеңес мүшесі, зейнеткер;

Мен қоғамдық тыңдау болады деген соң, Сіздердің берген деректеріңіз бойынша фосфор өндірісі кезінде бөлінетін зиянды қалдықтарды зерделесем мынандай болып шықты:

Органикалық емес шан,

төмен 20% SiO₂

6,1907 грамм/тәулік 24,2103 тонна/жыл

бронхит

Оксид углерода

2,6351 г/тәулік 54,0378 т/ж, қан айналымы,

Диоксид азота	1,9921 г/т	7,0336 т/ж	асма ауруы
Диоксид серый	0,0865	10,3996	өкпе ісінуі
Угасиолороды С12- С19	0,1297	15,5994	бауыр қабыну

Осындай ауруға ұшыратады екен. Бұл тікелей Құмкент, Қызылкөл елді мекендеріне әсер етеді, өйткені бұл елді мекендер осы кең орныны жақтан соғатын жел өтінде отыр.

Бұл сұраққа Ақылбекова Г – «ПромЭкоСтандарт» ЖШС-нің экологы, толық жауап бере алмады, кетіп қалған тұрғындардан калып отырған елдер тыңдамай, сөйлетпей қойды.

7. Маманов Серік – аудан әкімінің орынбасары;

Қазіргі уақытта жер асты қойнауындағы кең орындарына инвесторлар табу, олардың мүмкіндіктерін пайдалану, қосымша жұмыс орындарын ашу саясаты басшылыққа алынып келеді. Бұл аудандық бюджетке қосымша қаржы түсіреді, ол ауданның әдлеуметтік, мәдени, оқу-ағарту орындарына және құрылыс жүйелерін жүргізуге ықпал ететіндіктеріне тоқталды. Бірақ отырған азаматтар тағыда орындарынан тұрып кетті.

«Созак Фосфат» ЖШС- і тарапынан екінші рет қатысушылардың құрамына санақ жүргізді, нәтижесінде:

«Созак Фосфат» ЖШС жұмысы «тоқтатылсын» - деп жақтаған – 42 ауыл тұрғындары болды, қарсы болған – 2 адам, ал – 19 адам Созак ауданы әкімдігінің қызметкерлері мен «Созак Фосфат» ЖШС мен полиция қызметкерлері болды, оларды есептен шығарып тасталды.

15. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың жоба және қаралатындардың сапасы туралы пікірі (негіздемесімен), құжаттардың, тыңдалған баяндамалардың толықтығы және оларды түсінудің қолжетімділігі тұрғысынан, оларды жақсарту бойынша ұсынымдар:

Болған жоқ.

16. Қоғамдық тыңдаулар хаттамасына шағымдану Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес сот және сотқа дейінгі тәртіппен мүмкін болады.

17. Қоғамдық тыңдаудың төрағасы:

Балыкбаев Ерзат Орынбасарұлы – Құмкент ауылдық округінің әкімі, Созак аудандық әкімдігі, Түркістан облысы.

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып табылатын ұйымның атауы, қолы, күні)

Балыкбаев Е.О.
21.01.2026 ж.

18. Қоғамдық тыңдаулардың хатшысы:

Алтынбек Әшімхан, Укашаұлы – Құмкент ауылдық округінің тұрғыны, Құмкент ауылы.

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып табылатын ұйымның атауы, қолы, күні)

Қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін және өткізу кезінде келіп түскен ескертулер мен ұсыныстардың жиынтық кестесі

p/c №	Қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстары (қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)	Ескертулер мен ұсыныстарға жауаптар (жауап берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және/немесе лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)	Ескерту (алынып тасталған/алынбаған ескерту немесе ұсыныс, "қоғамдық тыңдау тақырыбына қатысы жоқ")
1	«Сузак Фосфат» ЖШС-нің заңгері Балгаев Е.Е «Сузак Фосфат» ЖШС Түркістан облысы, Созақ ауданындағы Үшбас-1 фосфорит кен орнын ашық әдіспен өндірудің тау-кен жұмыстарының жоспары бойынша таныстырып жалпы түсініктеме берді.		
2.	Ауыл тұрғыны Б.Айдарбек Жер пайдалану лицензиясы, ППР тау кен жоспары, қоршаған ортаны қорғау әсері жобасы, тау кен жұмыстарын көрсетсеніздер.	«Сузак Фосфат» ЖШС-нің заңгері Балгаев Е.Е 2010 жылы контракт алынған СПК Оңтүстік одан кейін Ушкер деген фирма болған. 2019 жылы «Сузак Фосфат» ЖШС-гі сатып алды осы контрактыны. Мемлекеттің беруімен 2035 жылға дейін контрактының күші бар. Жер қойнауының контрактысын созу.	Алынды
3.	Бейсенбаева Б.К Тркістан облысы бойынша экология Депортамент маманы ауыл тұрғындарына жалпылама түсініктеме берді.		
4.	Тараз қаласының ауыл тұрғыны Исаков Дәлетбек 30-шы ноябрде биылғы жылы заң қабылданды. Бүкіл инвесторлардың жерлері мемлекетке қайтты. Сол себепті контракт қайтадан жүреді.	«Сузак Фосфат» ЖШС-нің заңгері Балгаев Е.Е Бұндай заңды көрмедім.	Алынды
5.	Тараз қаласының ауыл тұрғыны Исаков Дәлетбек 35 млн куб тұрмыстық қалдық шығады екен. Оны алып келісім шарт бойынша жүзеге асырылады дейді. Үшбаста су жоқ. Үшбас су шығара алмайды.	«Сузак Фосфат» ЖШС-нің заңгері Балгаев Е.Е Тұрмыстық қатты қалдықтарды құрылыста қолданылады. Құрылысқа, жолға, заводқа қолданылады. Переработка жасап қолданамыз.	Алынды
6.	Ауыл тұрғыны Жылыбұлақтың суы кетіп жатыр	«Сузак Фосфат» ЖШС-нің заңгері Балгаев Е.Е Үшбастың запастық қоры 7 млн 500 мың тонна біз жылына 2 млн істейміз. Біз жұмыстарды батыс жағынан	Алынды

		бастаймыз. Біз Шолаққорған жақтан скважина қазып 250 м жерден су шығады. 7 км жерден су тартып әкелеміз. Үшбастан су алмаймыз.	
7.	Тараз қаласының ауыл тұрғыны Искаков Дәлетбек Су мәселесі бойынша айтты		
8.	Ауыл тұрғыны Созақ ауданы, Құмкент ауылы бойынша мәселелерді айтты және қолдауын білдірді.		
9.	Ауыл тұрғыны Өз ұсынысын айтты. Қәуіпсіздік мәселесін, экология мәселесін қолға алу керек, келешектің мәселесі бірінші орында тұру керек.		
10.	Жұмаков Т. Шолаққорған ауыл тұрғыны, аудандық қоғамдық кеңестің мүшесі Бізде экология министрлігі бар, осы жобалардың барлығына экологиялық заключение береді. Созақ фосфат жерді өндіру кезінде зиянды қалдықтардың бәрін айтып кетті. Бұл жерде жер қойнауын игере бастағаннан 1-2 жыл ішінде ауаға зиянды қалдықтар шығатын 119 тонна шығады екен. Соның ішінде айтатын болсақ оксид углерод 54 тонна шығады. Адам ағзасына қандай әсері бар айтып бересіз ба. Оксид углерода адам ағзасына өте зиян екен. 54 тонна ауаға шығады екен. Диоксид азота 7 тонна дейді астана көзге зиян екен. Диоксид серы 10 тонна ол өкпенің қабынуына әкеледі екен. Углеводороды 15 тонна шығады екен. Ол бауырдың ісінуіне қабынуына әкеледі дейді. Одан басқа пыль неорганическая шаң болады немесе органикалық емес дейді. 24 тонна зиянды қалдықтар шығады екен ол бронхит екен. Құмкент елді мекені тура сол өндірістік жердің желдің өтінде тұр. Роза ветров деген бар қай уақытта жел ұшып ұратын уақыт сонда 119 тонна шаң шығады аспанға оны қалай қоршап аласыздар. Екінші заключениеде айтқан Шу-	Акылбекова Г.К «ПромЭкоСтандарт» ЖШС-нің экологы Атмосфераға ластаушы заттар шығарындыларының 4 ұйымдастырылмаған көздері бар. Ластаушы көздерінен 7 шығарындылар азот диоксиді, пыль неорганическая, сераводород, алканы барлығы шығады, яғни бұл бізде автокөліктерден шыққан ұйымдастырылмаған көздерінен шығып отыр. Бұл шаңның барлығы нормативке енгізілмейді және де бұр жерде 54 тонна, 116 тонна жылына әр жылға 10 жылға 10 түрлі цифрлар шығады. Адам ағзасына, адам өміріне, қоршаған ортаға зиянды әсері шығып тұрған жоқ. Экология бойынша экологиялық программамыз бар, сол программада ПДК дан аспайды яғни 1 ден аспайды. Бұл біздің картамыз расчет рассеиваниямыз шығарылған. Карта схемалар ұсынылды. Проектіде көрсетілген. Бізде қоршаған ортаны қорғау бөлімі бойынша "Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігі Су ресурстарын реттеу, қорғау және пайдалану комитетінің Су ресурстарын қорғау және пайдалануды реттеу жөніндегі Шу-Талас бассейндік су инспекциясы" республикалық мемлекеттік мекемесінен хаты бар.	Алынды

	<p>Талас бассейндік инспекциясынан келісім алу керек деген. Судың деңгейі қалай болады деген. Сосын фосфор өндіретін жердің жатқан жерлері бар емес па сол судың бәрі қайда кетеді. Сол суды дейді каскад орнату керек дейді. Шыққан су каскадтта жиналу керек. Қазақша айтқанда әуіт деген. Сол әр әуіт 15 куб болу керек екен. Ол мысалы ұзындығы 60 м, ені 50 м тереңдігі 5 м болса сол әуіт толады. Оны не үшін істеп отыр. Мына жердегі шыққан алған судың бәрін мына трубамен әуітке келіп құяды. 3 әуіт деген не 1-ші әуітке шегеді, одан кейін 2-ші әуітке келіп тазаланады, 3-ін әуітке келіп филтрдан өткізіп оның бәрін бізге көлге қйып отыру керек. Экологиялық кодексте 55-59 бабында бар.</p>		
11	<p>Тараз қаласының ауыл тұрғыны Искаков Дәлетбек Қарсымын деп шықты</p>		

Форма письма-запроса от инициатора общественных слушаний на проведение общественных слушаний в местные исполнительные органы административно-территориальных единиц (района, города)

исходящий номер: 25371551001, Дата: 15/12/2025

(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)

Информируем Вас о: Осуществление государственной экологической экспертизы

(наименование в соответствии с пунктом 12 настоящих Правил)

Будет осуществляться на следующей территории: Туркестанская область, Сузакский район, Кумкентский с.о., с.Кумкент (Туркестанская об-ь, Сузакский р-н, с.Кумкент, ул. Ж. Есіретпулы, сельский мекеніет үйі)

(территория воздействия, географические координаты участка)

Предоставляем перечень административно-территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие, и на территории которых будут проведены общественные слушания: Туркестанская об-ь, Сузакский р-н, с.Кумкент, ул. Ж. Есіретпулы, сельский мекеніет үйі

Предмет общественных слушаний: Раздел «Охрана окружающей среды» для план горных работ на разработку месторождения фосфорита «Ушбас-1» открытым способом в Сузакском районе, Туркестанской области.

(тема, название общественных слушаний, предмет общественных слушаний в обязательном случае должен содержать точное наименование, место осуществления, срок намечаемой деятельности и наименование инициатора намечаемой деятельности)

Просим согласовать нижеуказанные условия проведения общественных слушаний: Туркестанская об-ь, Сузакский р-н, с.Кумкент, ул. Ж. Есіретпулы, сельский мекеніет үйі, 19/01/2026 10:00

(место, дата и время начала проведения общественных слушаний)

Место проведения общественных слушаний в населенном (-ых) пункте (-ах) обосновано их ближайшим расположением к территории намечаемой деятельности (1,2 км).

Объявление о проведении общественных слушаний на казахском и русском языках будет распространено следующими способами:
Созак уин; Айгак

(наименование газеты, теле- и радиоканала, где будет размещено объявление)

здания мекеніет үйі, здания автомата

(расположение мест, специально предназначенных для размещения печатных объявлений (доски объявлений))

Просим также подтвердить наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний.

В соответствии с требованиями законодательства просим обеспечить регистрацию участников общественных слушаний и видео- и аудиозапись общественных слушаний. Местный исполнительный орган обеспечивает видео- и аудиозапись открытого собрания общественных слушаний. Электронный носитель с видео- и аудиозаписью всего хода открытого собрания общественных слушаний с начала регистрации до закрытия общественных слушаний и подведенным

итогах слушаний, подлежит приобщению (публикации) к протоколу общественных слушаний.

В соответствии с требованиями законодательства просим обеспечить регистрацию участников общественных слушаний и видео- и аудиозапись общественных слушаний.»

Товарищество с ограниченной ответственностью "Сузак Фосфат" (БИН: 170840011047), +7(747)-212-38-24, oqzboy.bayarsika@mail.ru

(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний)

Форма письма-ответа инициатору общественных слушаний от местных исполнительных органов административно-территориальных единиц (района, города) на проведение общественных слушаний

исходящий номер: 25371551001, Дата: 15/12/2025

(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)

«В ответ на Ваше письмо (исх. №25371551001, от 15/12/2025 (дата)) о согласовании предлагаемых Вами условий проведения общественных слушаний, сообщаем следующее:

«Согласовываем проведение общественных слушаний по предмету Раздел «Охрана окружающей среды» для план горных работ на разработку месторождения фосфорита «Уйбас-1» открытым способом в Сузакском районе, Туркестанской области, в предлагаемую Вами 19/01/2026 10:00, Туркестанская об-ь, Сузакский р-н, с.Кумвент, ул. Ж. Басиргулова, сельский маденет үйі (листу, место, время начала проведения общественных слушаний)»

(к причинам несогласования относятся: место проведения не относится к территории административно-территориальных единиц, на которую может быть оказано воздействие в результате осуществления намечаемой деятельности; дата и время проведения выпадает на выходные и/или праздничные дни, нерабочее время. "Поддерживаем, предложенные Вами способы распространения объявления о проведении общественных слушаний", или "Предлагаем дополнить (заменить) следующими способами, для более эффективного информирования общественности").

«Подтверждаем наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний».

«Перечень заинтересованных государственных органов: 1, 2.»

Товарищество с ограниченной ответственностью "Сузак Фосфит" (БИН: 170840011047), +7(747)-212-38-24, orazbay.bayarsulu@mail.ru

(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).

Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың тіркеу парағы

№ р/с	Қатысушының аты-жөні	Қатысушы санаты (мүдделі жұртшылықтың, жұртшылықтың, мемлекеттік органның өкілі, Бастамашы)	Байланыс телефон нөмірі	Қатысу форматы (жеке немесе конференц-байланыс арқылы)	Қолы (ашық жиналысқа қатысқан жағдайда)
1	2	3	4	5	6
1	Хайруллаев А.Б.	ауыл тұрғыны		жеке	
2	Жасулан Р.Н.	ауыл тұрғыны		жеке	
3	Емәтәтов Б.Е.	ауыл тұрғыны		жеке	
4	Спаев Б.Е.	ауыл тұрғыны		жеке	
5	Ошпабай А.Б.	ауыл тұрғыны		жеке	
6	Шамталов Ж.	ауыл тұрғыны		жеке	
7	Әбілов Е.	ауыл тұрғыны		жеке	
8	Меірампай Н.	ауыл тұрғыны		жеке	
9	Алтынбек Ж.	ауыл тұрғыны		жеке	
10	Смайыл Ф.	ауыл тұрғыны		жеке	
11	Смайлов Н.	ауыл тұрғыны		жеке	
12	Ғақиев Е.	ауыл тұрғыны		жеке	
13	Бәкіров Д.	ауыл тұрғыны		жеке	
14	Алтынбеков Ж.А.А.	ауыл тұрғыны, жұмысшы.		жеке	

15	Жувано В. В.	шалавортан ауыл туралы		жеке	Жувано
16	Жонатаев С. А.	ауыл туралы		жеке	Жонатаев
17	Алимаганов О.	ауыл туралы		жеке	Алимаганов
18	Досболот С.	ауыл туралы		жеке	Досболот
19	Кувелибай Б.	ауыл туралы		жеке	Кувелибай
20	Токмечев А.	ауыл туралы		жеке	Токмечев
21	Мамтаев И.	ауыл туралы		жеке	Мамтаев
22	Ауябеков А.	ауыл туралы		жеке	Ауябеков
23	Шоранов И.	ауыл туралы		жеке	Шоранов
24	Самраганов И.	ауыл туралы		жеке	Самраганов
25	Куржанов И.	ауыл туралы		жеке	Куржанов
26	Жадинов Б.	ауыл туралы		жеке	Жадинов
27	Валигаев У.	ауыл туралы		жеке	Валигаев
28	Идрисов М. Р.	ауыл туралы		жеке	Идрисов
29	Арибаев А.	ауыл туралы		жеке	Арибаев
30	Каримбаев И.	ауыл туралы		жеке	Каримбаев
31	Текизбаев К.	ауыл туралы		жеке	Текизбаев

Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың тіркеу парағы

№ р/с	Қатысушының аты-жөні	Қатысушы санаты (мүдделі жұртшылықтың, жұртшылықтың, мемлекеттік органның өкілі, Бастамашы)	Байланыс телефон нөмірі	Қатысу форматы (жеке немесе конференц-байланыс арқылы)	Қолы (ашық жиналысқа қатысқан жағдайда)
1	2	3	4	5	6
32	Қурманбаев Н	ауыл тұрғыны		жеке	<i>[Signature]</i>
33	Қаржигітов Қ	ауыл тұрғыны	8775 80738	Қарсылық	<i>[Signature]</i>
34	Шоганов. С	ауыл тұрғыны		жеке	<i>[Signature]</i>
35	Молжигітов П	ауыл тұрғыны		жеке	<i>[Signature]</i>
36	Шамбаев Н	ауыл тұрғыны	87770210922	Қарсылық	<i>[Signature]</i>
37	Толықов	ауыл тұрғыны		жеке	<i>[Signature]</i>
38	Әзімов Б	ауыл тұрғыны		жеке	<i>[Signature]</i>
39	Сейтжан Е	ауыл тұрғыны		жеке	<i>[Signature]</i>
40	Тоқсанбайұт М	ауыл тұрғыны		жеке	<i>[Signature]</i>
41	Шамбаев. А	ауыл тұрғыны		жеке	<i>[Signature]</i>
42	Бухарбаев Т	ауыл тұрғыны		жеке	<i>[Signature]</i>
43	Мамбетов. Д. Ә	ауыл тұрғыны		жеке	<i>[Signature]</i>
44	Қалхаметов. Т	ауыл тұрғыны		Қарсылық	<i>[Signature]</i>
45	Торлан. М.	ауыл тұрғыны		Қарсылық	<i>[Signature]</i>

46	Сейтбеков Т	ауыл туралы		Коргошман	Сейт
47	Отарбеков Т	ауыл туралы		Тар	Дуб
48	Кулаханов М.	ауыл туралы		жеке	
49	Сарымбаев Т.	ауыл туралы		жеке	
50	Меирамбеков А	ауыл туралы		жеке	
51	Асметов Бамган	ауыл туралы		жеке	
52	Мамбетов Е	ауыл туралы		жеке	
53	Акмбетов Т. К.	«Транско-Станарт» ЖАК-иш 8-749-152-45-35		жеке	
54	Бейсенбаева Б. К.	Туркестан областы БИА «Колхоз» генералы		жеке	
55	Бектонайылова М.	19-2015 жылдан берки Келтиретилми		жеке	
56	Вонсабеков А.	ауыл туралы		жеке	
57	Нуралыев Н	ауыл туралы		жеке	
58	Ермашев Б. М.	«Сузат» Фосфат «ЖМК» иш «амбаруна» директору		жеке	
59	Тамашев Е. Е.	«Сузат» Фосфат «ЖМК» иш директору	8-701-770-0767	жеке	
60	Балайбеков Д. Д.	«ЖМК» иш «ЖМК» иш	8-702-295882	жеке	
61	Алиев Т	ауыл туралы		жеке	
62	Искаков Д.	Тараз баласынын ауыл туралы		жеке	

SOZAQ ÚNI

Аудандық қоғамдық-саяси және ақпараттық газет

№17 (2022) sozak_uni@mail.ru
СӨРСЕНЕІ www.sozak-uni.kz

Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға



Үкіметте азық-түлік бағасын тұрақтандыру мәселесі қаралды

Премьер-министрдің орынбасары – құлттық экономика министрі Серік Жұманғарин ең төрағалық етуімен инфляцияны тұрақтандыру жөніндегі қауіпсіз мәселеге негізгі азық-түлік және азық-түлік емес тауарлар бағасына қатысты шешім қабылданды.

Қараша айында қазанмен салыстырғанда азық-түлік емес тауарлар бағасының өсімі 0,9%-ға дейін бақылады. Азық-түлік өнімдерінің бағасы өткен ай деңгейінде 7% өскендіктен, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына арналған баға индексі соңғы төрт апта бойы өсіп келеді.

Серік Жұманғарин жалпы жұмыстың маңызын ескере отырып, шекарадан өткізу мәселесінде түрлі бағалар мен бағаларды тұрақтандыруға қатысты шешім қабылданды. Бұл шара өсіп келе жатқан азық-түлік бағаларының өсімін азайтуға бағытталған.

Тек өткен аптада 149 жармаңға ұйымдастырылды. Сауда комитетіне шалғай аудандарға, оның ішінде Маңғыстау, Ұлытау облыстарына тауар жеткізу бойынша көмек көрсету талпынылды.

Сондай-ақ Ұлытау облысындағы құрделі логистиканы және әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын сақтауға арналған қойма орындарының талпынысын ескере отырып, Серік Жұманғарин өңірде логистикалық орталық құру міндетін қойды. Аталған орталықтың қуаты азық-түліктің қауіпсіз қорын сақтауға, логистикалық шығындарды қысқартуға және өңірлік тарау хабын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Ауыл шаруашылығы вице-министрі Ермек Кенкеханұлы әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасын тұрақтандыру тетіктері бойынша қолданыстағы ережелерге толықтырулар енгізу жөніндегі ұсыныстарды қарастырды.

Мерекеге тарту

Ардагерлеріміз бен жастарымыз озып

Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған облыстық «Жеңіске тағзым» патриоттық ән байқауында ауданымыздың намысын қорғаған «Сырлы Созақ» квартеті жүлделі I орынды иеленді.

Және қуаныш егіз болады дегендей Созақ аудандық жастар орталығы Түркістан қаласында өткен «ЖЫП ҚОШБАСШЫЛАРЫ» жастар премиясы байқауында жеңімпаз атанып, «Үздік жастар орталығы» марағатымен марағатталды.

Ардагерлеріміз бен жастарымыздың жетістіктерімен таныстық.

Құрметті ардагерлер!

Түркістан қаласында өткен Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған облыстық «Жеңіске тағзым» патриоттық ән байқауында ауданымыздың намысын қорғаған «Сырлы Созақ» квартеті жүлделі I орынды иеленді деген қуанышты хабарды зор ризашылықпен қабылдадық.

Өнерлері мен көпке үлгі болып, әсем әндермен жүректерге жылу сыйлап жүрген қадірлі ардагерлерімізге шын жүректен алғыс білдіреміз. Ұрпақ тәрбиесімен қатар, өнерді өркендетіп, ардайым белсенділік танытып келетін Сіздердің жеңістеріңіз – бүткіл еліміздің намысы.



Созақ жұртының ортақ қуанышы, бәріміздің жеңісіміз

Құрметті Созақ

Түркістан қаласында өткен «ЖЫП ҚОШБАСШЫЛАРЫ» жастар премиясы байқауында жеңімпаз атанып, «Үздік жастар орталығы» мәртебесіне ие болды.

Бұл – Созақ жастар орталығының рудалы жүйелі жұмыстың, тіпті және ортақ жауапкершілікті тәрмен жамыс істеу – елдің ету. Осы жолда Сіздер ауыл азаматтық белсенділігін арттырып, отансүйгіштікке деген ниетіңізді маңызды рөл атқарып отырсыз.

Аудан жастар орталығының бастамаларына қолдап, көрсеткіштерін дамытуға, қоғамдық өмірге белсене араласуына жасап отырған қолдауларыңыз үшін алғысымызды білдіреміз. Бұл жеңіс-тек бір жұмыстың ганды емес, тәтас Созақ жастар орталығының жеңісі деп білеміз.

Алдағы уақытта да өл

« 12 » 12 2025 ж

№ 198

Шымкент қаласы

ЭФИРЛІК АНЫҚТАМА

«Сузак Фосфат» ЖШС Түркістан облысы, Созақ ауданындағы Үшбас-1 фосфорит кен орнын ашық әдіспен өндірудің тау-кен жұмыстарының жоспары бойынша «Қоршаған ортаны қорғау бөлімі» бойынша ашық жиыналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Өтетін орны: Түркістан облысы, Созақ а-ы, Құмкент ауылы Ж. Есіркепұлы кө-сі Құмкент ауылдық мәдениет үйі.

Өтетін күні мен уақыты: 2026 жылғы 19 қаңтар сағат 10:00-де.

Өсер ету аймағының географиялық координаттары 43°43'34"- 43°41'20" ш.б. және 69°31'06"-69°23'35" шығыс.

Жобалық құжаттама пакетімен ҰДБ ақпараттық жүйесінде ndbecology.gov.kz, сондай-ақ

ЖАО <https://beta.egov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar/?lanq=ru>, сайтында танысуға болады. Барлық

ескертулер және / немесе ұсыныстар ҰДБ ақпараттық жүйесінде ndbecology.gov.kz болады, сондай-ақ, қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады. Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Zoom кездесуіне қосылу <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZibXJnTkNRUT09>

Жеке конференция идентификаторы: 616 540 8596

Кіру коды: 123456

Қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады Тапсырыс беруші: «Сузак Фосфат» ЖШС, Шымкент қ., Каратау ауданы, 233 кв-д, ет-не №57, БСН: 170840011047, сым 8-775-666-11-65, Sc-lawyer@mail.ru.

Қоршаған ортаны қорғау бөлімін жобалаушысы ЖШС «ПромЭкоСтандарт», gulnaz_91@mail.ru, БСН 240340025649, Шымкент қ, Тұран а., М.Пошанов кө-сі 32/28 ғым, сым.87781524535.

Мүдделі жұртшылық қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша жазбаша немесе электрондық нысанда "Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ-не мына мекенжай бойынша өз ескертулері мен ұсыныстарын жібере алады: Түркістан қ., Жаңа қала ш.а. 32 көшесі, 20, a.erkebai@ontustik.gov.kz, тел.: 87253359845.

ТОО «Сузак Фосфат» объявляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по проекту Раздел «Охрана окружающей среды» для план горных работ на разработку месторождения фосфорита «Үшбас-1» открытым способом в Сузакском районе, Туркестанской области.

Место проведения: Туркестанская об-ь, Сузакский р-н, с.Кумкент, ул. Ж. Есіркепұлы, сельский мәдениет үйі.

Дата и время проведения: 19 января 2026 года в 10:00.

Географические координаты территории воздействия 43°43'34"- 43°41'20" С.Ш. и 69°31'06"-69°23'35" В.Д.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на информационной системе НБД <https://ndbecology.gov.kz/>, а также сайте МНО <https://beta.egov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar/?lanq=ru>. Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний. В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Подключиться к конференции <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZibXJnTkNRUT09>

Идентификатор конференции: 616 540 8596

Код доступа: 123456

Дополнительную информацию можно получить по адресу Заказчик ТОО «Сузак Фосфат», г. Шымкент, Каратауский район, 233 квартал, строение №57, БИН: 170840011047, тел 8-775-666-11-65, Sc-lawyer@mail.ru.

Проектная организация ТОО «ПромЭкоСтандарт», gulnaz_91@mail.ru, БИН 240340025649 г.Шымкент, ра-н Тұран, ул.М.Пошанова, 3д-е 32/28, моб.87781524535.

Общественность и заинтересованная общественность может направить свои замечания и предложения в письменной или электронной форме по документам в ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области» по следующим адресам: г.Туркестан мкр.Новый город, улица 32, 20, a.erkebaei@ontustk.gov.kz, тел.: 87253359845.

Мәтіндегі хабарландыру жүгірте жол арқылы екі (қазақ,орыс) тілде берілгендігін растаймыз.
«Айгак»телеарнасының эфирі Шығыкент қаласы мен Түркістан облысыы қамтиды.

«Айгак» Телеарна компаниясы»
Бас редакторы



Ү.Наушабаева

Орынбаған: А.Құдайбергеновтің
Тел: 8(725) 221-36-11
e-mail: aygak@mail.ru

Баяндамалар Хаттамаға 5-ші қосымша

Ақылбекова Гүльназ «ПромЭкоСтандарт» ЖШС-нің экологы.

Сәлеметсіздерме, құрметті қоғамдық тыңдауға қатысушылар! Мен, Ақылбекова Гүльназ «ПромЭкоСтандарт» ЖШС-нің экологы.

«Сузак Фосфат» ЖШС Түркістан облысы, Созақ ауданындағы Үшбас-1 фосфорит кен орнын ашық әдіспен өндірудің тау-кен жұмыстарының жоспары бойынша «Қоршаған ортаны қорғау бөлімі» бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өткізу.

Үшбас-1 фосфорит кен орнына «Қоршаған ортаны қорғау бөлімі», қоршаған ортаға эмиссиялардың нормативтері жобасы, қалдықтарды басқару бағдарламасы, өндірістік экологиялық бақылауды, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленді.

Қоғамдық тыңдаулар Қазасқтан Республикасының Экологиялық Кодексінің 58 және 73 баптарына сәйкес сондай-ақ, Қоғамдық тыңдауларды өткізу Ережелеріне сәйкес өткізетін боламыз. Қоғамдық тыңдауларды өткізу жөніндегі хабарландыру, отыз күн бұрын «Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ-нің интернет порталында, ndbecology.gov.kz порталда, бұқаралық құралдар арқылы, жергілікті әкімшілік хабарландыру тақталарында берілген болатын, осы уақытқа дейін ешқандай ескертулер мен ұсыныстар келіп түскен жоқ.

Бүгінгі тыңдауды Қоғамдық тыңдауды өткізу қағидасының 23-ші тармағына сәйкес қоршаған ортаны қорғау бөліміне қатысы жоқ мәселелер ескерілмейді.

«Қоршаған ортаны қорғау бөлімінде» атмосфералы ауаға, жер үсті және жер асты су қорларына, жер қойнауы мен топырақ қабатына, әлеуметтік – экономикалық ортаға тигізетін әсерлері қарастырылған.

► **Жер учаскесінің орналасқан жері:** Үшбас-1 кен орны Көксу кен орнының солтүстік-батысындағы табиғи жалғасы болып табылады. Үшбас-1 фосфорит кен орны Түркістан облысының Созақ ауданында Жаңатас қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай 30-35км және Құмкент ауылынан батысқа қарай 20-25км жерде орналасқан. 2 км қашықтықта жақын жерде су көзі жоқ. Ең жақын тұрғын үй ауданы 3 шақырымнан астам жерде.

► **Басты мақсаты мен қызметі «Сузак Фосфат» ЖШС**

«Сузак Фосфат» ЖШС-ті кең жобаның негізгі мақсаты- жылдық максималды өнімділігі 1 220 000 тонна болатын Үшбас-1 кен орнындағы фосфорит қорын игеруді қамтамасыз ету.

Карьердің максималды өнімділігі жобалау тапсырмасымен анықталады және жылына 1,2 млн. тонна кенді құрайды (жобалық қуаттылыққа шығу кезеңінде).

2025-2027 жылдар аралығында тау-кен жұмыстары жоспарланбаған. Бұл ең алдымен, өңдеу кешенін және зауыт инфрақұрылымын салудың мерзімі мен мүмкіндігіне байланысты.

Тау-кен жұмыстарын 2028-2060 жылдар аралығында бастау жоспарлануда. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың нақтыланған жұмыс бағдарламасына сәйкес, осы кезеңде 37 750 мың тонна өндіру (өндірілу) тиіс.

Нысанның құрылысы 2025 жылы басталып, 2027 жылға дейін жалғасады деп жоспарлануда. Құрылыстың жалпы мерзімі үш жыл. Нысанды кәдеге жарату жоспарланбаған.

Нысанның маңайында демалыс орындары, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, мұражай алаңдары, сәулет ескерткіштері, санаторийлер, демалыс үйлері жоқ. Нысан маңында сауықтыру, демалыс, тарихи және мәдени мақсаттарға арналған жерлер жоқ. Белгіленген учаскеде жасыл алаңдар жоқ.

Жер учаскесінің жалпы алаңы: Жер телімінің жалпы ауданы 375 га.

Әсер ету аймағының географиялық координаттары: 4304313411– 4304112011 С.Е. және 6903110611-6902313511 Ш.Б.

Халық ең алдымен фосфорит кенін өндіру мен өңдеуде және өнеркәсіп кәсіпорындарын салуда жұмыс істейді.

Учаске аумағында су объектілері, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар немесе рекреациялық аймақтар жоқ.

Жобалау ерекшеліктеріне сәйкес (1-қосымша) карьер жыл бойы жұмыс істейді, екі ауысым және 12 сағаттық ауысым.

Жылдағы жұмыс күндерінің саны 355; аптадағы жұмыс күндерінің саны 7; тәулігіне жұмыс ауысымының саны 2; жұмыс ауысымының ұзақтығы 12 сағатты құрайды.

Жылдық өнімділігі

- ▶ Бұл жұмыстың мақсаты – жылдық максималды жобалық қуаттылығы 1 220 000 тонна Үшбас-1 кен орнындағы фосфорит қорын игеруді қамтамасыз ету. Жылдық өндіру көлемі кен орнын барлауға және игеруге арналған келісімшарттың жұмыс бағдарламасымен айқындалады.
- ▶ Кен өндіру жоспарына Қазақстан Республикасы Мемлекеттік резервтер комитетінің 2022 жылғы 24 мамырдағы және 2023 жылғы 4 шілдедегі сараптамалық қорытындысында көрсетілген көлемдерге сәйкес кеннің баланстық қорлары ашық әдіспен өндіру контуры шегінде кіреді. Үшбас-1 кен орнында кенді ашық әдіспен өндіру және электртермиялық өңдеу бойынша қорды есептеу үшін келесі тұрақты шарттар бекітілген: - теңгерім резервін анықтау үшін үлгідегі P2O5 шектік бағасы – 15%; - есептік блокта P2O5 минималды өнеркәсіптік маркасы – 21,5%; - қор есебіне енгізілген кен денелерінің минималды шын қалыңдығы – 2 м; Ашық кеніштің максималды қуаттылығы жобалық тапсырмада анықталған және жылына 1,2 млн. тонна кенді құрайды (жобалық қуаттылыққа көтерілу кезінде). лемдері кестеде көрсетілген.
- ▶ Аршу және тау-кен жұмыстарын жүргізу кезінде экскаваторлар экскаватордың максималды өнімділігін қамтамасыз ететін түпкі (бүйірлік) беткейде жұмыс істейді, бұл түсіру кезіндегі шағын орташа бұрылу бұрышымен, 90°-тан аспайтын және жүк тиеу үшін самосвалдарды ыңғайлы жеткізумен түсіндіріледі.
- ▶ 2028-2034 жылдар аралығында аршу жұмыстарын келесі көлемде жүргізу жоспарлануда:
